## Дене шынықтыру-сауықтыру қызметтеріне тегін пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесін бекіту туралы

Қостанай облысы Меңдіқара ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 27 шілдедегі № 182 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 25 тамызда № 5836 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Дене шынықтыру және спорт туралы" 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 48-бабына сәйкес Меңдіқара ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған дене шынықтыру –сауықтыру қызметтерін тегін пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.В. Швыдченкоға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі В. Ионенко*

Әкімдіктің 2015 жылғы 27 шілдедегі № 182 қаулысымен бекітілген

## Дене шынықтыру –сауықтыру қызметтерін тегін пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесі

| № | Азаматтар санаты | Жеңілдіктер мөлшері |
|---|---|---|
| 1 | 7 жасқа дейінгі балалар | Тегін |
| 2 | Көп балалы отбасыларынан оқушы - балалар | Тегін |
| 3 | Балалар үйлерінен оқушы- балалар | Тегін |
| 4 | Спорт ардагерлері | Тегін |
| 5 | Оқушылар | Тегін |
| 6 | Студенттер | Тегін |
| 7 | Зейнеткерлер | Тегін |

**Ескертпе: Осы тізбе мемлекеттік дене шынықтыру – сауықтыру және спорт құрылыстарына қолданады.*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК